

Павлодар облыстық мәслихатының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы (III сайланған, II сессия) "2004-2006 жылдарға арналған облыстың индустриалды-инновациялық дамуының бағдарламасы" N 166/2 шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2004 жылғы 21 қазандағы N 69/8 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 7 қарашада N 2788 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Павлодар облыстық мәслихатының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы (III сайланған, II сессия) "2004-2006 жылдарға арналған облыстың индустриалды-инновациялық дамуының бағдарламасы туралы" N 166/2 шешіміне (облыс әділет департаментінде 2004 жылғы 20 қаңтарда 2214 нөмір арқылы тіркелген, "Сарыарқа Самалы" газетінің 2004 жылғы 10 ақпандағы 17 нөмірінде, "Звезда Приртышья" газетінің 2004 жылғы 7 ақпандағы 16 нөмірінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

2004-2006 жылдарға арналған облыстың индустриалды-инновациялық дамуының бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

"Инвестициялық қызметті дамыту" 1 тарауы реттік саны 15-1 мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

- | | | | | | |
|----|--|-------------------------|---|-------------------|------------------------------|
| 1. | Кластерлерді ұйымдастыру мүмкіндіктерді айқындау бойынша ұсыныстарды даярлау | Облыс әкіміне есеп беру | Облыс экономика, индустрия мен сауда, ауыл шаруашылық департаменттері | 2004 ж. IV тоқсан | Қаржыландыру талап етілмейді |
|----|--|-------------------------|---|-------------------|------------------------------|

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Павлодар облыстық мәслихатының экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы

А. Гуськов

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Р. Гафуров

